

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТИ» КЕ АҚ**

БЕКІТІЛДІ

«Сәрсен Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті»

**КЕАҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен**

2021 жылғы «09» маусымдағы

№ 3 хаттамасы



ЕРЕЖЕ

**2021 ЖЫЛЫ «СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТИ» КЕ АҚ
МАГИСТРАТУРАСЫ МЕН ДОКТОРАНТУРАСЫНА
ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ**

ШҚУ Е 011-21

Үшінші басылым

**№ _____
Енгізу күні _____**

**Өскемен қаласы
2021 ж.**

	<p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p> <p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы</p>	<p>Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.</p> <p>ШҚУ Е 011-21</p>
		25 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Белгілеулер мен қысқартулар	3
4	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі	4
5	Магистратураға қабылдау және КТ өткізу	5
6	Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу	9
7	Апелляциялық комиссиялардың жұмысы	14
8	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау	15
9	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау	16
10	Өзгерістер	17
11	Келісу, сақтау және тарату Қосымшалар	18




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

1.2 Магистратура мен докторантурада оқу тек күндізгі түрде жүзеге асырылады.

1.3 Магистранттар, докторанттар контингентін қалыптастыру ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заны.

2.2 «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заны № 88-V.

2.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бұйрығы.

2.4 «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысы.

3 Белгілеулер мен қысқартулар

КР БФМ - Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы;

ҰТО - Ұлттық тестілеу орталығы;

КТ - Кешенді тестілеу;

Е - Ереже;

СІҚЕЖ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;

СІҚЕЖЖБӘ - Сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

ҚБЕ - Құрылымдық бөлімшелердің ережесі;

СХҚЖАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚЕЖББ - Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ПБЖҚҚ - Персоналды басқару және құқықтық қолдау;




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	ШКУ Е 011-21	Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттін 4 беті
---	--	---------------------	--

ЖООКББ - жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бөлімі;

АСжББД - академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаменті;

ҚББ - құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ШКУ КР - университеттің құжатталған рәсімі.

4. Жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі

4.1 Магистратураға, докторантураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе тұсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.2 Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оку орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4.3 Университет шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

4.4 Шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қантардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

4.5 Құжаттарды қабылдау және тұсу емтихандарын өткізуі үйымдастыру үшін университеттің қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы басқарма төрағасы - ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

4.6 Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі басқарма төрағасы – ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

4.7 Докторантураға тұсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

4.7.1 тұсушілерге тандаған жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, тұсу емтиханының рәсімімен таныстырады;

4.7.2 тұсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді үйымдастырады;




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 5 беті
	ШҚУ Е 011-21		

4.7.3 білім беру бағдарламаларының тобы бойынша тұсу емтихандарын өткізу ді үйымдастыруды жүзеге асырады.

4.8 Магистратураға тұсушілер үшін қабылдау комиссиясы тұсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация береді, кешенді тестілеу рәсімімен таныстырады.

4.9 Университет магистратурасына тұсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 01 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүргізіледі.

4.10 Магистратураға КТ күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамызы аралығында өткізіледі.

4.11 Университет докторантурасына өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 03 шілдесі мен 03 тамызына дейін жүргізіледі. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша тұсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-нен 20 тамызына дейін өткізіледі.

4.12 Магистратураға және докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

5 Магистратураға қабылдау және КТ өткізу

5.1 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

5.2 Магистратураға тұсушілер қабылдау комиссиясына келесі күжаттарды тапсырады:

5.2.1 Басқарма төрағасы - ректордың атына өтініш;

5.2.2 Жоғары білімі туралы құжаты (түпнұсқа);

5.2.3 Жеке бас куәлігінің көшірмесі;

5.2.4 3x4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;

5.2.5 075/у формасындағы медициналық анықтама;

5.2.6 Шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болған жағдайда);

5.2.7 Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғаларға);

5.2.8 Фылыми және ғылыми- әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

6) және 7) тармақшаларда көрсетілген күжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары қайтарылады.

5.3 Магистратураға тұсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан




 Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		ШҚУ Е 011-21 Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 6 беті
---	---	--	---

әрі – портал) арқылы осы қағиданың 5.2 тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

5.4 Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

5.5 Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы күәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

5.6 Университеттің қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

5.7 Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

5.8 Университеттің қабылдау комиссиясы олар түскен сәттен бастап ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

5.9 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда университеттің қабылдау комиссиясына университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

5.10 Құжаттарды қабылдағаннан кейін басқарма төрағасы – ректор көрсетілетін қызмет алушыны университет магистранттардың қатарына қабылдау туралы бүйрек шығарады.

5.11 Университет белгіленген талаптар негізінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

5.12 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқарма төрағасы – ректордың атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

	<p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p> <p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы</p>	<p>Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.</p> <p>ШҚУ Е 011-21</p>
		<p>25 беттін 7 беті</p>

5.13 Университеттің қабылдау комиссиясының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5.14 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5.15 Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

5.16 Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

5.17 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

5.18 КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.19 КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - КР БФМ) айқындастын КТ өткізу пункттерінде КР БФМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

5.20 КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол КР БФМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

5.21 Түсу емтихандарын және КТ-ны тапсырган жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

5.22 Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

Ағылшын тілі: International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 6.0;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;




	<p style="text-align: center;">«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p> <p style="text-align: center;">«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы</p>		<p style="text-align: center;">Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.</p>
	<p style="text-align: center;">ШҚУ Е 011-21</p>		<p style="text-align: center;">25 беттің 8 беті</p>

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТИПи), шекті балл – кемінде 543;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 60;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 498;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, NiveauC1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (NiveauC1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Francais International™ -Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) – оқу және тындалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise – Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du fransais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 50 балл).

5.23 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндегу және құрылым саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы қағиданың **1-қосымшасына** сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратуруға түсу үшін КТ-дан босатылады.

5.24 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндегу және құрылым саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы қағиданың **2-қосымшасына** сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратуруға түсу үшін КТ-ден босатылады.




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттін 9 беті

5.25 «Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы қағиданың **3-қосымшасына** сәйкес балдармен Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсү үшін КТ-дан босатылады.

5.26 Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін күжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

5.27 Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

5.28 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

5.29 Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) университетке дейін көрсетеді. Кешенді тестілеудің нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

6 Докторантурасына қабылдау және түсү емтихандарын өткізу

6.1 Докторантурасы «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай енбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

6.2 Докторантурасы түсушілер қабылдау комиссиясына келесі күжаттарды тапсырады:

- 6.2.1 Басқарма төрағасы - ректордың атына өтініш;
- 6.2.2 Білімі туралы қүжаты / түпнұсқасы/;
- 6.2.3 Жеке басын куәландыратын қүжат;
- 6.2.4 Шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат;
- 6.2.5 075/у формасындағы медициналық анықтама;
- 6.2.6 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;




 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	ШКУ Е 011-21	Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 10 беті
--	---	---------------------	---

6.2.7 Жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парагы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

6.2.8 Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).

4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

6.3 Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясы немесе портал арқылы осы қағиданың 4.2 тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

6.4 Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

6.5 Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, университеттің қабылдау комиссиясына «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

6.6 Университеттің қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

6.7 Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

6.8 Университеттің қабылдау комиссиясы олар түскен сәттен бастап ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындауды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

6.9 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда университеттің қабылдау комиссиясына университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы университеттің




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 11 беті

қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

6.10 Құжаттарды қабылдағаннан кейін басқарма төрағасы - ректор көрсетілетін қызметті алушыны университет докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

6.11 Университет белгіленген талаптар негізінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

6.12 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша университеттің қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқарма төрағасы – ректордың атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

6.13 Университеттің қабылдау комиссиясының атына келіп түсken көрсетіletтіn қыzmettі alushyның shaғымы tіrkелgen kүnіnen bastap 5 (bes) жұмыс kүnі iшіnde қаралуға жатады.

6.15 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкіletті organның атына келіп түsken көrsetileтіn қыzmettі alushyның shaғымы tіrkelgen kүnіnen bastap 15 (on bes) жұмыс kүnі iшіnde қаралуға жатады.

6.16 Kөrsetileтіn мемлекеттіk қыzmet nәtiжelerіmen keliспеген jaғdайda, kөrsetileтіn қыzmettі alushyның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіlenген tәrtiппen сотқа жүгіnuge құқығы bar.

6.17 Докторантуралың білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттіk bіlіm беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркіn турде) қабылдау университетте жүргізіледі.

6.18 Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергендігіn растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 5,5;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 5,5; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 460;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 46);




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттін 12 беті

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 453;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: Test de Francais International™ - Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша В1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), В2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du français - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 50 балл).

6.19 Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

6.20 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінде (ЭҮДҮ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастырына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін раставтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

6.21 Докторантурасы түсі емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

6.22 Докторантурасы білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсі емтиханы 4 қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі (ҰТО).

6.23 Докторантурасы компьтерлік форматтағы түсі емтиханы:

- 1) эссе жазудан;
- 2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

6.24 8-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссе, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады

6.25 Докторантурасы түсі емтиханына 4 сағат беріледі.

6.26 Университет алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсі емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және ресми сайтында алқалық




	<p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p>	<p>Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.</p>	
	<p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы</p>	<p>ШҚУ Е 011-21</p>	<p>25 беттін 13 беті</p>

басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

6.27 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

6.28 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университеттің профессор-оқытушылық құрамының қатарынан қалыптастырылады.

6.29 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

6.30 Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып басқарма төрағасы - ректорымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

6.31 Окуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), университет және білім беру бағдарламасы көрсетілген саул наманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада окуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін өзі таңдаған университетке жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өндейді.

6.32 Университеттің емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

6.33 Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтиханы өткізілген күннен кейін келесі күні ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

6.34 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндеу және құрылыш саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

6.35 Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

 Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	ШҚУ Е 011-21	Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 14 беті
---	---	---------------------	---

7 Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

7.1 Тұсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін университетте апелляциялық комиссиялар құрылады. Университеттегі апелляциялық комиссияның тәрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы тәрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7.2 КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БФМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның тәрағасы мен құрамы ҚР БФМ бұйрығымен бекітіледі.

7.3 Апелляциялық комиссия докторантураға тұсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

7.4 Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

7.5 КТ электрондық форматта өткізу кезінде тұсуші апелляцияға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде өтініш береді. Республикалық апелляциялық комиссия өтініштердің негізділігін тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

7.6 Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия тұсу емтиханының немесе жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

7.7 Докторантураға, магистратураға тұсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия тәрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

7.8 Өтініштер докторантураға тұсу емтихандары және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және университеттің апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

7.9 Апелляциялық комиссия өтінішті қарau кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

7.10 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы тәраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

7.11 Тұсу емтихандарын және КТ өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында КТ өткізу пункттеріне және университеттерге ҚР БФМ өкілдері жіберіледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	ШҚУ Е 011-21	25 беттің 15 беті

8 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

8.1 Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы қағиданың **6-қосымшасына** сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық шәкіліге сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.2 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы қағиданың **7-қосымшасына** сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.3 Докторантурасы тұлғаларды қабылдау шет тілін менгерудің жалпыевропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тұсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) тұсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін осы қағиданың **6-қосымшасына** сәйкес – кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін осы қағиданың **7-қосымшасына** сәйкес – кемінде 50 балл;

8.5 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурасы білім алу үшін тұсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

8.6 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантурасы қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламалары




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы		Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 16 беті
	ШҚУ Е 011-21		

тобының бейіні бойынша ең жоғары баға алған тұлғага беріледі. Содан соң таңдаған білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер қорының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы 3 күнтізбелік жылдағы 1, 2 тоқсанға кіретін рейтингтік ғылыми жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

8.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар университеттер арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, деңсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 5 қыркүйекке дейін қайтарылады.

8.9 Университет білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

9 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

9.1 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер университетке күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

9.1.1 өтініш (еркін нысанда);

9.1.2 жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

9.1.3 КТ сертификатын және осы Қағидалардың 5.22 тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда магистратура үшін);

9.1.4 шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын сертификат және білім беру бағдарламасының тобы бойынша тұсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);

9.1.5 еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);

9.1.6 жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. ШҚУ Е 011-21 25 беттің 17 беті

9.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша тұсу емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.

Қосымша: Магистранттарды қабылдау ережелеріне КР БФМ нұсқаулық-нормативтік құжаттары бойынша және С.Аманжолов атындағы ШҚМУ бүйрықтарының негізінде өзгерістер енгізуге болады.

10 Өзгерістер

10.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылық өкілінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама параграфы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы тармақ орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі, түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ КР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Е-ге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Е-дегі өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парагына міндетті түрде белгі қоя отырып, ҚББ енгізеді;

10.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХҚжАБ және ҚББ жауапты болады;

10.3 Е-ні бір жылдан кем емес бір рет ҚББ қайта қарау кезінде тексерулердің кезеңділігі туралы тізімге міндетті түрде жазба енгізілген;

10.4 Е-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:

- нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген заң құші бар өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма тәрағасы-ректордың бүйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта үйымдастыру;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілінің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;

10.5 Бөлімшениң атаяу өзгерген кезде Е ауыстырылуы тиіс;

10.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі құші жойылған Е даналарының барлығы алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс;

10.7 Құші жойылған Е ауыстыру және алып қою үшін жауапкершілік ҚББ және СХҚжАБ жауапты;

10.8 Жарамсыз Е-ні «Құші жойылды» деген жазу бар, оның құшін жою үшін негіздер, күні, «Құші жойылды» деген жазба жасаған адамның қолы көрсетілген және мұрағатқа қойылған. Мұрағат құжаттары жұмыс үшін




 Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕ АҚ	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы	ШҚУ Е 011-21	Келесі тексеру мерзімі 2024 ж. 25 беттің 18 беті
--	---	---------------------	---

пайдаланылмайды.

11 Келіссөздер, сақтау және тарату

11.1 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Е-ні үйлестіруді ҚББ жүзеге асырады;

11.1 Е-ні ҚББ әзірлейді;

11.2 Е-мен келісіледі:

- СІККЖЖБӘ;

- осы құрылымдық бөлімге тікелей жауапты проректор;

- инновациялық даму және коммерцияландыру департаменті директорымен;

- СХЫІжАБ бастығымен;

- құжаттама және бақылау бөлімінің бастығы;

- заңгер-кеңесшімен.

11.3 Басқарма төрағасы-ректор бекітеді және ол жойылғанға дейін жарамды;

11.4 Е түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оның сақталуына құжаттық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауап береді;

11.5 Е-нің түпнұсқасының танысу парагына қол қоя отырып, құрылымдық бөлімшениң барлық қызметкерлерінің Е мазмұнымен жеке танысқаны үшін ҚББ және кадр және құқықтық қолдау бөлімінің бастығы осы мазмұнымен міндettі түрде танысқандығы туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде жауапты болады;

11.6 Е ескерілген жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

11.7 Бөлімшеде есепке алынған жұмыс данасын сақтау үшін жауапкершілік ҚББ -ге жүктеледі.






«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕ АҚ
магистратурасы мен докторантурасына
қабылдау туралы

ШҚУ Е 011-21

Келесі тексеру
мерзімі 2024 ж.

25 беттің 19 беті

1-қосымша

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ
немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына
аудиостыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Акпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өндейтін және құрылым салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Окуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Verbal Reasoning	145 балдан кем емес	кемінде 140 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес	Шет тілі бойынша тест	50

2-қосымша

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту
ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына
аудиостыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Акпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өндейтін және құрылым салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	160 балдан кем емес	Окуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары	70



«Серсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ

«Серсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕ АҚ
магистратурасы мен докторантурасына
қабылдау туралы

Келесі тексеру
мерзімі 2024 ж.

ШҚУ Е 011-21

25 беттің 20 беті

		топтарының бейіні бойынша тест	
--	--	--------------------------------------	--

3-қосымша

**GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту
қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына
аудыстыру шкаласы**

GMAT халықаралық стандартталған тест	Кешенді тестілеу
Тест секциялары	"Бизнес и управление" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар
Quantitative Reasoning	кемінде 40 балл
Integrated Reasoning	кемінде 4 балл
Verbal Reasoning	кемінде 20 балл
Analytical Writing	кемінде 3 балл
	Тест түрлері
	Балл
	Окуга дайындығын анықтауға арналған тест
	30
	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест
	70
	Шет тілі бойынша тест
	50

4-қосымша

Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Докторантура білім беру бағдарламасы тобының атауы
D011	Физика педагогтерін даярлау
D012	Информатика педагогтерін даярлау
D014	Биология педагогтерін даярлау
D015	География педагогтерін даярлау
D016	Тарих педагогтерін даярлау
D017	Қазақ тілі және әдебиеті педагогтерін даярлау
D050	Философия және этика
D053	Тарих және археология
D070	Экономика
D080	Биология
D089	Химия
D090	Физика
D092	Математика және статистика



5-қосымша

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын
докторантураға түсу емтиханы балдарына аудионы шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өндөйтін және құрылым салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 159 балл	кемінде 164 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханы 100
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификат 100
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес	

6-қосымша

**Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін магистратурада
білім алу үшін кешенді тестілеудің 150-балдық бағалау
жүйесінің шекілі**

Тест түрлері	Тапсырма нысандары	Тапсыру тілі	Тапсырмалар саны	Бал	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты тандау	Қазак/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты тандау	Қазак/ Орыс	30	30	7
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандау	Қазак/ Орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	

	<p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p> <p>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы</p>	<p>Келесі тексеру мерзімі 2024 ж.</p> <p>ШҚУ Е 011-21</p>
		25 беттің 22 беті

7-қосымша

**Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу
үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің шәкілі**

Тест түрлері	Тапсырма нысандары	Тапсыру тілі	Тапсырмалар саны	Бал	Шекті балл
Оқуға дайындығын анықтау тесті	Бір дұрыс жауапты тандау	Ағылшын	30	30	7
Білім беру топтарының пәндері бойынша тест	Бір дұрыс жауапты тандау	Ағылшын	30	30	7
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандау	Ағылшын	20	40	7
Барлығы			80	100	

8 – қосымша

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
Эссе	20
Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100






«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ

Келесі тексеру
мерзімі 2024 ж.

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕ АҚ
магистратурасы мен докторантурасына
қабылдау туралы

ШҚУ Е 011-21

25 беттін 24 беті

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР ТІРКЕУ ПАРАФЫ

Өзгерістің нөмірі	Өзгерістерді енгізу туралы өкімші құжаттың нөмірі және күні	Өзгерісті енгізу күні	Өзгерісті еңгізген тұлғаның аты- жөні, лауазымы	Қолы



«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕ АҚ
магистратурасы мен докторантурасына
қабылдау туралы

Келесі тексеру
мерзімі 2024 ж.

25 беттін 25 беті

МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРІСТЕР ЕСЕБІНІң ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеру нәтижелері	Тексеру өткізген тұлғаның аты-жөні және лауазымы	Қолы

[Handwritten signature]

[Handwritten signature]